

Ғылыми мектеп аясындағы мақалалар сайысы

Мақала - қоғамдық-әлеуметтік мәселелер туралы жазылған публицистикалық жанрдағы шығарма.

Қаржы және есеп кафедрасы 2022 жылдың 5 сәуір күні «Қаржы жүйесі және есепті дамытудың заманауи трендтері ғылыми мектебі» аясында, атаулы мектептің жоспарына сәйкес «Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелері» тақырыбында Ғылым күніне арналған білім алушылар арасында мақалалар сайысын өткізді. Сайыс жоғары дәрежеде өтті. Негізгі талаптар: тақырыптың өзектілігі, ұсынылған міндеттерді терең ашу және негіздеу, қорытындылардың, дәлелдердің нақтылығы мен ықшамдылығының болуы.